Ана тілің -
арың бұл,
Ұятың боп
тұр бетте.
Өзге тілдің
бәрін біл,
Өз тіліңді
құрметте.

*Қадыр Мырза-Әли*


# ТУҒАН ӨЛКЕ

ЖЕЛЕЗИН АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІ

№ 40 (67)
6
қазан
сенбі, 2012

Газет 2011 жылғы
2 шілдеден шығады

# ТҰНЫП ТҰРҒАН ҚАЗЫНА...

***Өткенге көз жүгітсек отбасымыздың шаңырағында отырған кезде, әкем «шіркін әке – шешесі бар жандардың үйі толған қазына» деуші еді. Ал үлкен ағаларымыз «қариялары бар үйлер тұнып тұрған – кітап», дейтін. Балалық бұл сөздерге сол кезінде аса мән бере бермейтінбіз. Қазір сол сөздердің мағнасына үңіліп, әкем де, ағаларым да сол сөздерді бекер айтпағанына көз жеткізе түсемін. Бүгінгі таңда қайсыбір шешімін таба алмай жүрген мәселелерімізді қарияларымыз өз заманында мүдірмей, даналықпен, көрегендікпен көксеген жеріне дөп тигізе білген ғой...***

Қаншама қиындықты бастан өткерседе қазақ елінің рухы жасымай, керісінше өмірдің өткен кезеңінен сабақ алып, жайнап, гүлдей түсті. Еліміз өркен жайып, дамыған заманда күн санап дана қарттар қатары азайып, көпшілігі тек әсем ғимараттардың терезелерінен кең далаға сағынышпен қарайтын қарияларымыздың саны артып барама, қалай... Сан ғасырлар бойында халқымыздың тағдырына тап келген қиын-қыстау замандарда бір елдің арқа сүйер батырларына кеңес беріп, ақылшы болған аталарымыз бен көреген болған апаларымызды бүгінгі күндерде көріп, ақылын тыңдау арманға айналып бара жатқандай. Заман деп сыра салсақ жастарымыздың өзі құлықсыз болып бара ма, әлде қарияларымыздың ақылдары саябырсый бастаған ба, белгісіз қазіргі балалардың аузынан ата – апам айтты деген сөздерді жылына, iлуде бірден естімесең күнделікті есту сағымға айналған. «Көп сүргеннен емес, көпті көргеннен сұра»,- деген мақалдың реті келген секілді. Терезеледен телміре қарайтын ата – апалырымыздан қайбір өсиет қалды дерсіз, қалған күнде де оны естір есті кісі бар ма екен? өмірден өз үлесімді алайын деп сабыла шауып жүрген бір адам. Қартайғанда демалармыз деген жаман дерттің апанына түсіп кеткен біздің қоғам ендігі жерде қандай шара қолданар екен? Ес біліп айналаны еңсергенге дейінгі уақытта адам баласы жазулы тұрған кітап секілді болса, онда қарияларымыз том - том дастандар болғаны ғой, бірақ та сол том – том кітаптардың беттерін парақтайтын жандарымыздың өзі жоқтың қасы. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ адам баласы уақыт өте келе биологиялық тұрғыда миы толықсып, табиғи тұрғыда кемелдене бастайды екен. Өткеніне көз жүгіртіп өз істерінен сабақ алып, өзгеге кеңес бере алатын шамадағы тамаша кеңесші орнын алмастыра алатын қасиеттірін толықтыра түседі екен. Ендеше сол кеңесшілеріміздің ақылын іске асырар жандар табылса игі, мәселен: әкелеріміздің ауыл қарияларынан сұралық деген үрдістері осының айғағы болса керек. Дегенмен де кейбір жандар адам жанына үңіле берместен ауыр сөздерді айтудан жалықпай кейбір қарилaрымызға қартайса дұрыстап қартайса екен деп ауыздарын буып – түйіп тастайтындарын да жасырудың қажеті шамалы – ақ, өйткені күнделікті тұрмыста да, айналаларымыздан да аңғарып жүрміз. Қасиетті де әулиелік дәреже жеткен Сарыарқа төріндегі Мәшһүр Жүсіп Сыр бойындағы Бұқар жырау тіпті аналарымыз Домалақ ана бәрі де егде жасқа келгендерінде тамаша кеңесші, қазіргі тілмен салыстырғанда дана академик болған десек те артық айтқандық емес шығар. Сөздерінен мүдірмей, жаңылмастан ортадағы дауды шешіп, елдің тыныштығын түзете білген қарияларымыздың азайып бара ма?

Иә рас - ақ сандары да, қатарлары да азаймаса толығар емес. Қазақ қанына сіңе қоймаған қарттар үйі мен өзін бөлек пәтерге шығару сәнге айналып бара ма белгісіз. Қоғамнан тысқары қалып бара жатқан қарияларымыздың не күйде екендерін тек бір құдайға мәлім. Иә болған соң жеке тұру керек деген дерт баршамызды жайлап кеткелі де қанша, қарттың жауы – жалғыздық. Зейнеткерлік жасқа жеткенен–ақ өздерін жалғыз сезінетін қарияларымыздың хал – ақуалдары күрт нашарлап тез қартая баратындары жиі кездесіп жатады. Өздерін қоғамға керексізбіз деген дерт жүректерін жаулап, егде тартқанда мылжың халге түсетіндері де содан. Көрінгенге жалтақтап атқарған істерін тізіп, мақтау алғандарын айтып жұрттың мазасын қашыратын әңгімелерімен жалықтыра бастайды, дегенмен осы неге осылай деген сұрақ ешкімді мазаламай ма? Бәрімізде қартаямыз ғой сол жандардың жанына үңіліп көріңізші, ол кісілерге көңіл бөлу ғана жетіспейді. Жан жағына жәутеңдей қарайтындары да содан. Бір ауырып төсек тартқан соң мазалары қашып, дәрменсіздік күйге түсетіндері тағы бар. Дегенмен де қартайды екен, ауырды екен дей берер болсақ ол кісілердің жағдайлары түзелмесе оңалмақ емес қой. Көңілдерін аулап бір сәт ақылдасса қария деген расымен де тұнып тұрған кітап қой, тым болмағанда бата қайырудың өзін сол кісілер үйретті емес пе? Елдің алдында жасқанбай сөйлеу, дұрыс мәмілеге келе білу, ұятты бірінші орынға қоятын жандардың көбіне ықпал ететін осы қарттары бар үйлер себепші болып келеді екен. Немересін жетектеп ақылын айтып сол кісілерден артық жақсы қарайтын жандар жоқ, өйткені бала да апасы да, атасы да баяу жүреді. Жетектесе қыдырып, арқасына салып, табалдырықтан басталатын тәрбиесі аяқ киімді киу мәдениетіне дейін осы қарттарымыздан асқан тәрбиеші жоқ. Сан жерден сабылсаңыз да « Баланы өскенше. Немерені өлгенше»,-деген мақал орынды. Салыстыра қарасақ ата –апасымен өскен бала мейірімді де кіші пейіл болып өседі екен ал, балабақшада өскен бала жылдам дамып, шапшаң болса, қариялардың ақылымен өскен бала түбінде даналыққа жақын келеді деседі. Осынша өмірлерін баласы мен немерелеріне арнаған қаряларымызға неге құрметпен қарамасқа? Олар баласын бағып – қағып, өсіріп, адам санатына қосып, немерелеріне де қарап беруде сонда да қарт адам ғой деп қол сілтеуіміз өзімізге ертең сабақ болады - ау деп ойланбастан жасаған дарақылықтарымыз ғой. Ерік – жігерін жарқын болашақтың жарқын болуларына арнаған қарияларымызды құрметтейтін мереке қазанның бірі, яғни қарттар күні 1990 жылы желтоқсан айының 14 күні Бас Ассамблея қазанды қарт адамдар күні болуды қаулы еткен. Тек осы күндері ғана есепке алмастан қашанда көңіл бөле жүрсеңіз көмекші де, ақылшы да, даналық дастаны да сол кісілер. Ел тыныш болсын, баламыз бейбіт өмір сүрсін деп қаншама апа-аталарымыздың самай шаштары ағарды десеңізші... Адам өзін түзесе қоғам да, ел де, заман да түзелер еді. Қарттарымыз салбырап еш жерден түскен жоқ өзіміздің егде тартқан әке – шешелеріміз, әпке, ағаларымыз және ертең өзіміз де солай боламыз емес пе, қарт екен деп үрке қарамай қайта қолтықтап, демеп, ақылын тыңдауға асығыңыз, өйткені қария – тұнып тұрған кітап, таусылмас қазына...



***М. Баймаханбетова.***